**Хаттама №3**

**Күні: 08.01.2021**

**Қатысқаны:** түгел
**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібінде:**

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы. Туркестанбаева А.А.
2. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және орнын толықтыру бойынша менің әрекетім (Қол жеткізілмеген мақсатты анықтау, жоспар құру, тиімді әдістері т.б.) Маханова А.Ш., Мажитова Д.У., Жунусова А.К., Тоймуратова Ж.О.
3. 2-ші тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысы.
   Хакимжанова К.М., Мудабаева М.К.
4. Ағымдағы мәселелер:
   1) 9,11 сынып оқушыларының штаттық режимге көшуі;
   2) №548 бұйрық бойынша оқытылатын пәндер тізімі;

Бірінші мәселеде екінші педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері мәлімет берді.
Кудабаева М.К.: бастауыш сыныптарда бір пәннен 3-ке және 4-ке шыққан оқушылар болды. Ол оқушылармен тоқсан бойы пән мұғалімдері қосымша жұмыстар жүргізіп отырды. Қазіргі таңда ол оқушылардың бағасы өз білімдеріне сәйкестендірілді.
8 «ә» сынып жетекшісі: Тоқсан барысында оқушылармен қосымша сабақтар жүргізу нәтижесінде сыныптың білім сапасы 9 % жоғарылады.
7 «ә» сынып жетекшісі: менің сыныбымның да алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 9 % жоғарылады.
Екінші мәселе бойынша «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және орнын толықтыру бойынша менің әрекетім» (Қол жеткізілмеген мақсатты анықтау, жоспар құру, тиімді әдістері т.б.) тақырыбында Маханова А.Ш., Мажитова Д.У., Жунусова А.К., Тоймуратова Ж.О. өз ой – пікірлерімен, сабақтағы әдістерімен бөлісті.
Маханова А.Ш.:Қазіргі қиын жағдайда мұғалімдердің атқарар рөлі орасан зор. Оқушылар мен де, ата-аналармен де жақсы психологиялық қарым-қатынас керек. Оқушыларға көбінде өздік жұмыстарды беремін. Пысықтау, қайталау жұмыстарын жүргізіп тұрамын. ZOOM платформасы арқылы жиірек сабақтар өткізуге тырысамын. Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылар әлеуметтік желіде, техникамен жұмыс жасауды, өз бетімен жұмыс жасауды үйренді.
Мажитова Д.У.: Білімді мұғалімнің кәсіби шеберлігі мақсат пен міндетті дұрыс шешуден басталады. Қазіргі кезде қашықтықтан оқытудың түрлі платформалары арқылы жұмыс жасап отырмын. Қашықтықтан білім берудің жақсы жақтары бала өзін қаншалықты дамытам десе де өз қолында болып тұр. Баланың өзінде талап болса, қосымша материалдарға қол жетімділік бар.Қосымша материалдарды қарап та өз білімін шыңдай алады. Бастауыш сыныптарда ата-ананың көмегі керек болса, жоғарғы сыныптар өздігінен білім алуға үйренді.
Жунусова А.К.:Блум,саралай оқыту тәсілдерін сабақтарымда қолданып жүрмін. Қашықтықтан оқыту кезінде кейбір оқушылардың сабаққа салғырт қарауынан қиындықтар туындар отыр. Кейде үздік және екпінді оқитын оқушыларда сабаққа салғырт қарап жатады. Қазір біздің алдымызда қолдауды қажет ететін және қолдауды қажет етпейтін оқушылар отыр. Үлгерімі

төмен оқушылармен жұмыс жасауда ата-ананың көмегі қажет. Баланың қызығушылығына қарай шығармашылықпен жұмыс жасау тиімді болады.

Тоймуратова Ж.О.: Жаңартылған білім бағдарламасының мәні:оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде өз қажетіне қолдана білуі керек.Оқушылардың бойында XXI ғасырда өмірдің барлық саласында табысты болу үшін , қажетті дағдылардықалыптастыру үшін, мұғалімдер көп еңбектену керек.

Үшінші мәселеде  М.К.Кудабаева бастауыш сыныптар бойынша сыныптардың екінші тоқсанда көрсеткен білім сапасына тоқталып өтті.

Тоқсанның соңында 0 сыныптарда 68 оқушы , 1-4 сыныптарда 510 оқушы, тоқсанның болды. 2-4 сыныптар бойынша 135 үздік оқушы, 163 оқу екпіндісі бар. Білім сапасы 80.5 % құрайды.

Жекелей сыныптар бойынша білім сапасы:

2 «А»-92 %,2 «Ә»-80% , 2 «Б»-100 % , 2 «В»-85 % ;

3 «А»-87 % , 3 «Ә»-82 %, 3 «Б»-86 % , 3 «В»-82 % , 3 «Г»-82 % ,

4 «А»-86 % , 4 «Ә»-72 %, 4 «Б»-64 % , 4 «В»-72 % , 4 «Г»-72 % ,

4 «Б» сыныпта бір пәннен (ағылшыннан) 4-ке шыққан және математикадан 3-ке шыққан оқушылар бар. Келесі тоқсанда осы оқушылармен жұмыстар жүргізіледі. Сол сияқты 3 «В» сыныпта математикадан 3-ке шыққан оқушы бар.

К.Муратхановна 5-11 сыныптардың екінші тоқсанда көрсеткен білім сапасы туралы айтып өтті.

5-11 сыныптар арасында 554 оқушы екінші тоқсанды аяқтады.

5-11 сыныптар бойынша үлгерім сапасы-100% , білім сапасы- % құрайды.

Сыныптар бойынша білім сапасы:

5 сыныптар-62,12 %.

6 сыныптар-62,04% .

7 сыныптар-50 % .

8 сыныптар-50 % .

9 сыныптар-42 % .

10 сыныптар-60 %.

11 сыныптар-65,71% .

Білім сапасы төмен деңгейде тұрған сыныптар бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері өздерінің мәлімдемелерін айтып өтті. .

Төртінші ағымдағы мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Хакимжанова К.М. 9 және 11 сыныптардың штаттық режимде оқытылатын пәндерін айтып өтті. 70 % пәндер штаттық режимде оқытылады. Информатика пәнінің штаттық режимде оқытылатын 1 сағатын география пәнімен ауыстырдық. Сонда география пәнінің 2 сағаты штаттық режимде оқытылады, ал информатика пәнінің 2 сағаты қашықтықтан оқытылады.

9,11 сыныптардың онлайн сабақтары 14.30 басталады. Штаттық режимде күніне 4,5 сабақтан оқытылады.

5 сыныптағы кезекші сыныпта оқитын оқушылардың сабағы 10.00 -14.00 аралығында өтеді.

Мектеп директоры: Kundelik kz , OnlineMektep платформаларымен уақытылы толтырып, дұрыс жұмыс жасамаған мұғалімдерге жазбаша ескерту беріледі. Ол мұғалімдер:Сейтимбетова К.А., Сагидуллаев Б.Б., Ергеш Н.Е., Амренова Ж.К., Батыркулова У.А.

Егер бұл жұмысқа тағыда салғырттық танытып, жауапкершіліксіз қарамаса басқа шара қолданылады.

Тәрбие ісінің орынбасары Татенова С.Т.: №548 бұйрық бойынша барлық тәрбиелік іс-шаралар онлайн түрде өткізіледі. 3 тоқсанда екі турдан тұратын онлайн түрде сынып жетекшілер байқауы өткізіледі. Оның шарттарымен ертерек таныстыратын боламыз.

Қаулы:

1) 2 тоқсан қорытындысы бойынша 2-4 сыныптар аралығында 2 «А», 3 «Г», 4 «Б», 4 «В» сыныптарында қазақ тілі ;
   2 «Ә», 2 «В», 2 «Г», 3 «А», 3 «Ә», сыныптарында әдебиеттік оқу;
   2 «Ә», 2 «В», 3 «А», 3 «Ә», 3 «В», 3 «Г» сыныптарында математика пәні қатаң бақылауға алынсын.
   5-11 сыныптар арасында 5 «ә», 6 «ә», 9 «б», 9 «ә», 10 «а» сыныптар бақылауға алынсын. Мектептің білім сапасы «қанағаттанарлық» деп еіде деп қабылдансын.
2) «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және орнын толықтыру бойынша менің әрекетім» тақырыбындағы баяндамалар «жақсы» деп бағалансын.
3) Kundelik kz , OnlineMektep платформаларымен уақытылы дұрыс жұмыс жасамаған мұғалімдер:Сейтимбетова К.А., Сагидуллаев Б.Б., Ергеш Н.Е., Амренова Ж.Қ., Батыркулова У.А. жазбаша ескерту берілді.
4) 9 және 11 сынып оқушылары №548 бұйрық бойынша штаттық режимге ауыстырылсын. Өтілетін пәндердің 70 % штаттық режимде, 30 % онлайн режимде оқытылсын.

**Педагогикалық кеңестің төрайымы**

**мектеп директоры:** **А.А.Туркестанбаева**

**Хатшы:** **А.К.Сиздикова**